

**Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын және қалалық және селолық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2006 жылғы 28 шілдедегі N 359 шешімі. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы Әділет басқармасында 2006 жылғы 4 тамызда N 8-6-30 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2010 жылғы 14 мамырдағы N 336 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2010.05.14 N 336 шешімімен.*

*Р Қ А О е с к е р т п е с і .*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

*Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2007.07.16 N 478 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.07.24 N 232 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.*

"Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі қаулысына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

*Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2009.07.24 N 232 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з ) ш е ш і м і м е н .*

1. Қоса беріліп отырған Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасы бекітілсін.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2007.07.16 N 478 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з ) ш е ш і м і м е н .*

2. Осы шешім 2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.  
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау әлеуметтік сала, құқықтық тәртіп және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін ( төрағасы Борисов Петр Евгеньевич).

4. Сәтбаев қалалық мәслихатының 2006 жылғы 13 маусымдағы XXXI сессиясының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасын бекіту туралы" N 345 шешімінің (2006 жылғы 3 шілдеде нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіміне N 3-6-27 болып тіркелген, 2006 жылғы 5 шілдедегі "Шарайна" газетінің 76 (1331) нөмірінде жарияланған) және "Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының (адамның) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" N 346 шешімінің (2006 жылғы 3 шілдеде нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіміне N 3-6-28 болып тіркелген, 2006 жылғы 7 шілдедегі "Шарайна" газетінің 77 (1332) нөмірінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

*Сессия төрайымы*

*О. Резник*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*М. Ковтун*

Келісілді:

*"Сәтбаев қалалық еңбекпен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"*

*мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Т. Қапарова*

2006 жыл 28 шілде

Сәтбаев қалалық мәслихатының  
2006 жылғы 28 шілдедегі  
XXXIII сессиясының N 356  
шешімімен бекітілген

**Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасы**

*Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2007.07.16 N 478 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

Осы Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй

жәрдемақысын және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949 қаулысына сәйкес дайындалған және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беру т ә р і б і н б е л г і л е й д і .

*Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2007.07.16 N 478 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

## **1. Жалпы ережелер**

Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тұрғын үй жәрдемақысы - тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметті тұтыну, төлем шығындарын қайтару үшін, сондай-ақ қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылулары бойынша тұрғындардың аз қамтылған топтарына берілетін ө т е м а қ ы ;

2) отбасы - заңнамада белгіленген тәртіппен бір мекен-жай бойынша бірге тұратын және тіркелген, отбасы құрамында тұратын некеден, туыстық, асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың басқа да үлгілерінен шығатын мүліктік және мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысатын т ұ л ғ а л а р с а н ы ;

3) өтініш беруші (жеке тұлға) – жеке өз басы немесе отбасы атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш беруші тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші);

4) жиынтық табыс – отбасының ақшалай да, заттай да нысанда алған т а б ы с ы н ы ң ж а л п ы с о м а с ы ;

5) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөніндегі уәкілетті орган – қаланың жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - уәкілетті орган);

6) жәрдемақыны беру жөніндегі уәкілетті ұйым - екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар.

2. Тұрғын үй жәрдемақысы тұрғылықты мекен-жайда тұрақты тұратын адамдарға мынандай жағдайда, егер тұрғын үйді күтіп ұстау мен коммуналдық қызметті тұтыну төлеміне шыққан шығын тұрғын үй алаңының мөлшері шегінде болса, нақты тұратын жалпы алаң көлемінен жоғары болмай және осы мақсатқа жіберілетін шығындар шегіндегі үлестен артпайтын отбасы бюджетінің коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстауға, сонымен қатар қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы

тарифтерінің арттырылуына шыққан шығындар мөлшерлері болса ғана беріледі. Тұрғын үйді күтіп ұстауға және тұтынған коммуналдық қызметтер төлеміне шыққан шығындар шегіндегі үлесі 10% мөлшерінде отбасының жиынтық табысымен белгіленеді.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2007.07.16 N 478 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2008.01.23 N 52 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2008.07.01 N 121 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.07.24 N 232 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.*

## **2. Көрсетілетін тұрғын үй жәрдемақысының мөлшерін анықтау**

3. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органдарымен келесі мөлшерде беріледі:

1) өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті азаматтар үшін - 30 шаршы метр;

2) бір адамға тұтынылған коммуналдық қызметтер мөлшері:  
қ а т т ы о т ы н :

1 шаршы метр алаңды жылытуға – 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 346 килограмм, 3-4 қабатта салынған үйлер үшін 225 килограмм, 5 қабатты салынған үйлерге 134 килограмм (жылу беру мерзімін 7 айға есептегенде), үйге 10 тонна көмірден артық болмауы тиіс.

Тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы облыстың қалалары мен аудандарында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

отбасына электр қуатын тұтыну:  
газ плитасы бар үйлерде - 150 киловатт;  
электр плитасы бар үйлерде – 250 киловатт.

3) суық суды, канализацияны, жылуды, ыстық суды (жылу беру мерзімін 7 айға есептегенде), қоқыс төккішті, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер меншіктерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай) басқару үлгісіне байланыссыз тарифтерді бекітетін органдармен белгіленеді.

4. Тұрғын үй төлемі мен коммуналдық қызметке белгіленген мөлшерден жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі.

5. Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіпте тұрғын үй жәрдемақысы механизімі арқылы жүргізіледі.

5-1. Тұрғын үйді күрделі жөндеуден өткізудің жекелеген түрдері бойынша өтемақы тұрғын үй жәрдемақысын есептеу кезінде тұрғын үйдің бір пәтеріне тең мөлшерінде есептеледі.

*Ескерту. Қағида 5-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2007.07.16 N 478 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

### **3. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау және төлеу тәртібі**

6. Тұрғын үй жәрдемақысы осы елді мекенде тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке тұлғаларға тағайындалады.

7. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтарын жоғалтады.

8. Егер де күтімді қажет етеді деп танылған он сегіз жастан асқан азаматтарға және мүгедектерге күтім жасайтын, 7 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда отбасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар тұрса, еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздығы жөнінде тіркелмеген адамдардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтары жоқ.

*Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2008.07.01 N 121 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

9. Даулы немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй жәрдемақысы туралы мәселені шешу үшін уәкілетті орган жанындағы арнайы комиссияның қарауына енгізіледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқығы бар.

10. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтер және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына нақты төлемақыны аудару сомасынан артуы тиіс емес.

11. Тұрғын үй жәрдемақысы қолма-қол ақысыз беріледі. Қолма-қол ақысыз төлемнің үлгісі – бұл тұрғын үй жәрдемақысының тең сомасына тұрғын үй және коммуналдық қызметтерді ұстауға төлемді азайтады. Тұрғын үй жәрдемақысының сомасы коммуналдық қызметтерді жеткізушіге аударылады.

12. Тұрғын үй жәрдемақысы төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

### **4. Тұрғын үй жәрдемақысын беру мерзімдері**

13. Тұрғын үй жәрдемақысы тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді бере отырып, өтініш берілген айдан бастап барлық қажетті



құжаттармен он екі айға тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылардың қайта тіркелуі құжаттарды алғаш рет тапсырған рәсіміне сәйкес б о л а д ы .

*Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2008.07.01 N 121 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з ) ш е ш і м і м е н .*

14. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылар 15 күннің ішінде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға хабарлауы керек.

Өтемақыны заңсыз немесе асыра төленуіне әкеліп соқтырған жалған мәліметтер берілгені үшін үй иесі (жалға алушы, жалдаушы) алты ай көлемінде жәрдемақыны алу құқығынан айырылады, ал заңсыз алынған тұрғын үй жәрдемақы сомалары заңнамаларда бекітілген тәртіпте қайтарылуға жатады.

15. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған жәрдемақылар тиісті өзгерістер болған уақыттан бастап қайта тағайындалады.

16. Жәрдемақыға құқықтылығын анықтау кезде басқа қалаларда уақытша тұратыны тиісті құжаттармен дәлелденген адамдар есепке алынбайды.

## **5. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш беру және есептеу тәртібі**

17. Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға келесі құжаттармен өтініш береді:

- 1) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) тұрғын үйге құқығын анықтайтын құжаттардың көшірмесі (ордер, тұрғын үйді жекешелендіргені туралы келісім-шарт, сату-сатып алу келісім шарты, сыйға беру келісім шарты, мұрагерлік құқығы жөніндегі куәлік, жалдау (жалға алу) келісім шарты, меншік құқығын тану жөніндегі сот шешімі және басқалар);
- 4) отбасы құрамын (азаматтарды тіркеу кітабы, пәтердің карточкасы, үй кітабы) және тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжаттың (неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, жалғызбасты 65 жастан асқан адамдарды қ о с п а ғ а н д а ) кө ш і р м е с і ;
- 6) отбасы мүшелерінің қызмет түрі жөніндегі мәлімет (еңбек кітапшасының көшірмесі, жұмыс орнынан анықтама және басқалар);
- 7) тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге төлеу жөніндегі шығындар туралы мәліметтер (түбіртек);
- 8) өтініш берушінің қалалық телекоммуникациялар желісінің абоненті екендігін анықтайтын (келісім шарт немесе телекоммуникация қызметтер

есебінің түбіртегі) құжаттың көшірмесі;

9) отбасы мүшелерінің табысы жөніндегі мәлімет;

10) жұмыссыздар тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның анықтамасын тапсырады.

18. Құжаттың түпнұсқасымен және көшірмесі салыстырып тексеру үшін тапсырылады, одан соң түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

19. Қажет болған жағдайда уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.

20. Тапсырылған құжаттарды қарау нәтижесінде отбасына тұрғын үй жәрдемақысын беру жөнінде келісім шарт жасалады. Келісім шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй жәрдемақысын алушыда сақталады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып табылады. Уәкілетті органмен ай сайын тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау есебі жүргізіледі.

21. Мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда уәкілетті орган сұраныс жасауға құқылы, ал заңды тұлға мен жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер адамның табысы туралы мәлімет беруге тиісті.

22. Жәрдемақы мөлшері норма шегінде тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметті пайдалануға тұрғын үй жәрдемақысын алушының нақты төлемі, қалалық телекоммуникация желісінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына төлем мен тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасылардың шығындар деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі.

## **6. Жиынтық табысты есептеу тәртібі**

23. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді (бұдан әрі – уәкілетті орган).

24. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).

25. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

26. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс

істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.

27. Бір тоқсаннан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар және тағы басқалар бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық сомасы есептеледі.

28. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

29. Орташа жан басына шаққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлу жолымен белгіленеді.

## **7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері**

30. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есептік кезеңде алынған табыстың барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс;

4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;

5) өзге де табыстар.

31. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй жәрдемақысы;
- 3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

6) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент;

7) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу;

8) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;



9) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: дәрілік препараттар; санаторийлік-курорттық емдеу; протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу); жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары; білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері;

11) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;

12) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.

### **8. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыстар**

32. Жиынтық табысты есептеу кезінде отбасының мынадай (осы Қағиданың 31-тармағында көрсетілгендерден басқа) түрде алынған табысы есепке алынады:

1) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, атап айтқанда: жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сыйақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан);

демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі жалақы;

маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді;

бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа да төлем түрлері;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда, әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім шарт бойынша қызмет өткеріп

жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі; жалдау бойынша төленетін еңбекақы; жұмыс беруші төлеген несиені өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады;

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар;

он сегіз жасқа толғанға дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы;

үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамсыздандыру;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;

1, 2 - топтағы жалғыздікті, басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемеақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да ұдайы төлемдер;

жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен көрсетілетін, қалаішілік қоғамдық көлікте жүруге берілетін материалдық (әлеуметтік) көмек;

заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес берілетін, осы Қағиданың 31-тармағының 10) тармақшасында көрсетілгендерден басқа, заттай көмек түрлерінің құны, сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома;

осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелер мен басқа да ұйымдар белгілеген барлық төлем түрлеріне өзге де үстемеақылар

*Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2008.07.01 N 121 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

33. Жиынтық табыстың құрамына қызметкер еңбек және қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші төлейтін бір жолғы төлемдер мен ай са й ы н ғ ы с о м а қ о с ы л а д ы .

34. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

### **9. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен алынған табыстар**

35. Жиынтық табысты есептеу кезінде кәсіпкерліктен және басқа да қызмет түрлерінен алынатын табыстар:

- 1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;
- 2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен ;
- 3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған .

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

- 4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс есепке алынады.

36. Жекелеген азаматтарда жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде р а с т а й д ы .

Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада қ о с ы л а д ы .

37. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жазбаша өтінішпен р а с т а л а д ы .

38. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация негізінде р а с т а л а д ы .

Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса алғанда, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

#### **10. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түрінде алатын табыстар**

39. Балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыс құрамында есепке алынады.

Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы жиынтық табысқа олардың алынған уақыты бойынша есепке алынады.

40. Адамдардың асырауындағыларды ұстауға міндетті адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш негізінде есептеледі.

41. Егер төлеуші алимент төлеуден жалтарған жағдайда, жиынтық табысқа алимент есепке алынбай есептеледі (сот атқарушысының анықтамасы болған жағдайда).

42. Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай, жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

43. Жиынтық табыс алименттерді есепке алмай мына жағдайларда есептеледі: егер төлеуші бас бостандығынан айыру орындарында немесе уақытша ұстау изоляторында болса (түзеу мекемесінен балаларына алимент алмайды деген анықтама берілген жағдайда);

туберкулездік, психоневрологиялық диспансерлерде (стационарларда), еңбекпен түзеу профилакториясында емделуде немесе есепте болған болса (анықтамалармен негізделгенде);

Қазақстан Республикасымен тиісті келісімі жоқ мемлекетке тұрғылықты тұруға кеткен болса;

өкілетті орган анықтамасымен расталған ішкілікке салынған, нашакорлық жолына түсіп, балалары мен басқа да асырауындағыларды күтуден бас тартқан болса.

44. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не почта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша 3 айдан астам кезең үшін берешек пайда

болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.

### **11. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыс**

45. Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден) түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады.

46. Жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің жеке қосалқы шаруашылығының болуы және оның мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде есептеледі.

47. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы Қағиданың 1, 2, 3 қосымшаларының негізінде есептейді.

Сәтбаев қаласы Қарағанды облысының табиғат жағдайына байланысты шөлейтті аймаққа жатады.

Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйрекпен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады.

48. Бір сотқа жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 кг өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады (осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес) және шығыстардың орташа деңгейі шегеріледі.

49. Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне облыста қалыптасқан, облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады.

Малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.

Жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады.

50. Осы Қағиданың 2 қосымшасына сәйкес өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою және т.б.) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қосылады.



51. Осы Қағиданың 50-тармағында көрсетілгендерден басқа, үй малы, құс болған кезде жиынтық табыс табыстың жылдық сомасын он екі айға бөлу жолымен айқындалады. Шыққан сан есепті кезеңдегі айлардың санына көбейтіледі.

52. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есебінің жеке нормативтік карточкасын осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес уәкілетті орган өтініш берушінің деректері негізінде толтырады.

## **12. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын өзге табыстар**

53. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс е с е п к е а л ы н а д ы :

- 1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
- 2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);
- 3) шетелдік валютаны өткізуден;
- 4) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;
- 5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
- 6) авторлық сыйақы түріндегі;
- 7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;
- 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
- 9) қайтарымсыз алынған ақша;
- 10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);
- 11) ақшалай аударымдар;
- 12) байқауларда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
- 13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.

Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен расталады.

Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде оқитын шәкіртақы алмайтын студенттердің жиынтық табысына ерікті айтылған табысы есептеледі.

54. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде е с е п к е а л ы н а д ы .

55. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста е с е п к е а л ы н б а й д ы .

56. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған тұрғын үй (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасына

**1-қосымша**  
**Шөлейтті аймақтағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы**

*Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2007.07.16 N 478 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

**Өсімдік шаруашылығының өнімі**

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, кг	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 сотка жер, түскен табыс шығыс (-), тен (-бағ - 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	10	226			
Арпа	15	174			
Қарамық	8	153			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	10	91			
Бір жылдық шөптер	10	84			
Картоп	70	1102			
Көкөністер	90	1249			
Бақшалар	85	458			
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	22	525			
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)	20	498			
Жидек дақылдары	10	589			
Жүзім	20	564			

**Мал шаруашылығының өнімі**

Өнім	1 бастан алынатын орташа өнімділік, кг (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің, (1 л, 10 дана жұмыртқаның) орташа құны, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 бастан түс табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ. x 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)	1100	19944			
Етті ірі қара мал (сиыр еті)	165	16016			
Шошқалар (шошқа еті)	110	8462			
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,25	1200/105			
Жылқы (жылқы еті)	138	6044			
Түйе (түйе еті)	1140	2925			
Жұмыртқалайтын құс (200 жұмыртқа жұмыртқа)		728			
Етті құс (құс еті)	2,5	489			

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақысын және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру қағидасына 2-қосымша

### **Азық-түліктілік пайдаланылатын үй малдары мен құстарының жасы**

*Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2007.07.16 N 478 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің және құстардың жасы
Ірі қара мал	ай	25
Қойлар мен ешкілер	ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, тұрғын үйлерді күрделі жөндеуден өткізуге, коммуналдық қызмет көрсету үшін

тұрғын үй жәрдемақысын және қалалық  
 телекоммуникация желілерінің абоненттеріне  
 телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің  
 арттырылуына өтемақы беру қағидасына  
 3-қосымша

**Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің үлгі жеке нормативтік карточкасы**

*Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2007.07.16 N 478 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.*

Өтініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Үйінің мекен-жайы \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	Жер, сотка, мал басы, саны	Жылына түсетін табыс нормативі, теңге	Жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	Бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс	x	x		
Жиыны: бір тоқсандағы табыс	x	x	x	x

200\_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің қолы)

\_\_\_\_\_ (есепті жасаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК